

ӘОЖ 37.035

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ
ТӘЖІРИБЕГЕ ЕНГІЗУ ЖОЛДАРЫ**

Джазитова Айнур Тенельбаевна

ainura - 96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының
1 курс магистранты,
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к, профессор Ф.Н.Жұмабекова

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы Елбасының 2017 жылы 12 сәуірде жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының негізінде жасалған. Онда ұлтымыздың жаңа тарихи даму кезеңінің негізгі мақсаттары көрсетілген, атап айтқанда: рухани және мәдени құндылықтарымызды сақтау және ұлғайту, әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену.

Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодыңды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды [1].

Қазіргі уақытта бір пікірлі, сәйкестігі жоғары, салауатты қоғамды қалыптастыру үшін бірнеше идеологемалар ұсынылды. Олар «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру», «Туған жер» сияқты үлкен бағдарламалық құндылықтар. Ал олардың қоғамда орнығуы қазақтың өткен тарихына үңіліп, одан жаңа заманға қажетті құнды қазынаны алып шығу барысында ғана қалыптаспақ. Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан саяси реформа мен экономикалық жаңғыру аясында маңызды орын алатын мәселе – рухани жаңғыру, яғни қоғамдық сананың жаңаруы. Бүгінгі Қазақстанның мемлекеттік институттарының дамуы, қоғамдық сананың ұлттық тәуелсіздік жағдайында жаңаруы, яғни модернизациясы, ұлттық рухани жаңғырумен,

қазақ халқының тарихи өткен жолындағы прагматикалық тәжірибелерді ескеруімен, өзіндік ұлттық болмысты сақтап қалуымен, ұлттық код құндылықтарын дәріптеуімен жүзеге аспақ.

Рухани жаңғыру бағдарламасының атқарар қызметі – ел тәуелсіздігін сақтау, қазақ елін әлемнің озық елдері қатарына қосу, ал ол үшін, ең бастысы, қоғамдық тұрақтылық пен ұлттық сананың жаңа белеске көтерілуін қамтамасыз етуде. Әлемнің жаһандану құбылыстары ұлт пен ұлыстардың ынтымақты болуын талап етеді. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «туған жер», «ұлттық код», «білім салтанаты», «қасиетті Қазақстан» сияқты қастерлі ұғымдар бар. Қазақстанның қоғамдық-саяси даму жолы, Ұлық Ұлыстан Алтын Орда, одан келе сонау XV ғасырда оның тікелей саяси мұрагері ретінде қалыптасқан Қазақ хандығы, XIX ғасыр басында хандық билік жүйесінің саяси күйзелісі нәтижесінде пайда болған аға-сұлтандық басқару институты, соның негізінде дамып шыққан Алаш-Орда үкіметі, одан келді кеңес құрылымдары пайда болды. Қазақтың саяси басқару сабақтастығы осы[2].

Қазақстандық қоғамның жаңғыруы – бұл Қазақстан халқының күшті де жауапты біртұтас ұлт болып қалыптасуына бағытталған идеологиялық стратегия. Қазақ халқының рухани жаңғыруы – жаңғыру реформалары мен өзгерістерін табысты іске асыру болып табылады.

Бұрынғы мемлекеттік реформалардың барлығы саясат, экономика сияқты халыққа түсінікті нақты салаларына арналса, бұл реформа халықтың қоғамдық санасын жаңғырту, яғни рухани жаңғыруына бағытталған. Қоғамның рухани өмірі экономикалық және әлеуметтік-саяси өмірге байланысты осы қоғамның өзіндік ерекшелігін анықтайтын әлеуметтік өмір саласы болып табылады. Ол барлық рухани білімнен тұрады, оған рухани мәдениеттің көптүрлілігімен, қоғамдық сананың формалары мен деңгейлері және т.б. кіреді. Рухани мәдениет ғылыми, философиялық, идеологиялық, заңды, моральдық, көркем мәдениетті қоса алғанда күрделі құрылымға ие. Қоғамның рухани саласы – мәдениет, ғылым, дін, мораль, идеология, өнер сияқты қоғамның рухани-адамгершілік өмірін сипаттайтын адамдар арасындағы қарым-қатынас жүйесі. Қоғамның рухани-адамгершілік өмірін зерттеу оның құрылымдық элементтерін бөледі. Мұндай элементтерді қоғамдық сананың формалары деп атайды. Оларға моральдық, діни, саяси, ғылыми, эстетикалық сана жатады. Бұл формалар қоғамның рухани саласының мазмұнымен ғана емес танымдық тәсілдерімен, сонымен қатар қоғамның пайда болу барысында да бір-біріне ұқсамайтын ішкі жүйелерін анықтайды [3].

Бүгінде руханилық - адамзаттың өмірлік, қоғам мен тұлғаның тұрақты даму міндеттерін шешудегі епті құрал, фактор және шарт болып табылады. Адамның руханилық әлеуетін қолдануына оның қазіргісі мен болашағы байланысты болады. Сондықтан, бүгінде рухани адамның қалыптасу проблемасы адамның мәдениетін, тұтас өркениетін сақтаудағы маңызды міндеті ретінде белгіленді. Руханилық пен адамгершіліктің бастауын мәдениеттен іздеген жөн. Олар мәдени код ретінде ұлттың рухани өмірінде сақталып, символдар, құндылықтар ретінде танылады да, ұлттың рухани дамуының траекториясын анықтайды. Олар жаһанданушы әлемде өзін жоғалтып алмайтындай жол көрсете отырып, сол ретте өзіндік қалпын сақтауға да көмектеседі. Бұл оның жасампаздық және қорғаушы күші. Бұл әрбір қоғам мен ұлттың ішкі бағдарламасы. Олар қоғамның мәдени-тарихи сипатын қалыптасырады.

Өкінішке орай, кейінгі кезде байлық, ақша, әдемі, әрі уайымсыз өмір, ләззат алу мен рахаттану культі қоғамның, оның ішінде қазақстандық қоғамның белгілі бір бөлігі үшін өмірлік бағдар болып келеді. Бұл нарықтық адамның мінез-құлқы көрсеткіштерінің бірі болды. Оның ой өзегі ретінде: «бүгін тұтынып, болашақ туралы ойлаудың қажеті жоқ» деген принцип басым болады. Мұндай идеологияның зиянды әсерінен адам өзінің өмір сүруіне тұтынушылық, ләззат алу және рахаттану ғана қажет деп есептейді. Тұтынушылық - оның өмір сүруінің түпкі мақсаты болып, материалдық тиімділік – оның ең басты бағдары болады. Бұдан бекершіліктің гүлденуі мен жалған құндылықтарды дәріптеу туындайды. Бұл идеология жасампаз еңбекті мақсат тұтпай, керісінше, оған белсене қатысудан алшақтатады

да, адамды заттық қатынастардың тұтқыны қылады. Осындай жағдайда, еңбек - ұлттың рухани, моралдық-адамгершіліктік дамуында бастапқы құндылық болудан қалады [4].

Осылайша, Рухани жаңғыру бағдарламасының қазіргі қоғам үшін, әсіресе өскелең ұрпақ – жасөсіпімдерді тәрбиелеу үдерісіндегі маңызыдылығы арта түседі. Осыған байланысты Рухани жаңғыру идеяларын №62 мектептегі 10 сыныпқа арналған тәрбие жұмысының бір бағыты бойынша үлгі үйлестіру жоспарын ұсынамыз.

Қазақстанның эволюциялық дамуы	Тәрбие бағыттары	Тәрбие жұмысының тақырыптары	Жауаптылар, өткізілу формасы
азаматтық-патриоттық	Жаңа қазақстандық патриотизм	Қазақстан рәміздері	әңгіме
Дүниетанымдық көзқарас	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	ҚР Ата Заңы туралы сыныптан тыс тәрбие жұмысы	Ойын – әңгіме «ҚР рәміздері»
Ұлттық тәрбие, рухани-адамгершілік	Отбасылық тәрбие	Қазақстан астанасына виртуалды саяхат	экскурсия
еңбек, эстетикалық,	Дүниетанымдық көзқарас, еңбек, эстетикалық	Бастауыш сынып оқушыларына арналған «Толеранттылық елі» сыныптан тыс жұмыстар	Әр түрлі іс - шаралар. Ертеңгіліктер, әр түрлі әңгімелер
күқықтық, көпұлтты және ұлттық тәрбие	күқықтық, көпұлтты және ұлттық тәрбие	Қазақстанның рәміздеріне негізделген брейнинг ойыны	ойын

Тәрбие іс-әрекетінің формаларын шартты түрде екі топқа бөлуге болады: эпизодтық және жүйелік.

Эпизодтық оқиғаларға мыналар кіруі мүмкін: ертеңгіліктер, мерекелер, олимпиадалар, КВН, байқаулар, викториналар, әңгімелер, экскурсиялар, ауызша журналдар, әдеби залдар, суретшілер галереялары, жәрмеңкелер, спорттық іс -шаралар және т.б.

Жүйелік формаларға: үйірмелер, қызығушылық клубтары және т.б.

Аталған тәрбие іс-әрекетін ұйымдастыру формаларын ескере отырып келесідей дайындық алгоритмін ұсынамыз:

1. Іс -шараның тақырыбын таңдау (тақырып таңдап келу).
2. Біз іс-шараның мақсатын, міндеттерін тұжырымдаймыз. Іс-шараның мақсаты мен міндеттері қол жетімді болуы керек.
3. Іс-шараның формасын таңдау. Іс-шара оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек, көңілді және қызықты болуы керек.
4. Іс-шараның уақыты мен ұзақтығын таңдаймыз. Іс -шараның өткізілетін уақыты міндеттер мен мақсаттарға сәйкес және оқушыларға ыңғайлы уақытта тандалуы керек.
5. Іс-шара өтетін орынды таңдау. Оқушылар іс-шара кезінде өздерін жайлы сезінуі керек.
6. Іс-қимыл жоспарын құрамыз. Іс-шараның түріне байланысты біз оның жоспарын

жасаймыз.

7. Іс-шараның жарнамасын әзірлейміз.

8. Тапсырмаларды таратамыз, жауапты адамдарды тағайындаймыз. Тағайындалған жауапты адамдарды бақылаймыз.

9. Іс-шара өткіземіз. Ынтымақтастық атмосферасына, ынтымақтастық ортаны құруға назар аудару қажет.

10. Өткізілген іс-шаралар туралы ойланамыз, қорытынды жасаймыз, қателіктерді ескереміз және осы іс-шараларды жақсарту бойынша ұсыныстар енгіземіз.

Ойымызды қорытындылай келе, рухани жаңғыру идеясының отбасы, мектепке дейінгі ұйымдар, орта және жалпы білім беретін мектептер мен арнайы орта арнаулы оқу орындары және ЖОО-да біртұтас, үздіксіз жүйелі жүзге асырылуы өткізіліп жатқан іс-шаралардың құндылығын қуаттай түседі. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының іс-шараларын жүзеге асыру жұмысы оқу-біліммен, ғылыммен тығыз байланыста атқарылатын жүйелі үдеріс. Мұны күнделікті өмір тәжірибесі көрсетіп келеді. Мұндай күрделі жұмыста елдің стратегиялық ресурсы ретінде болашақ мамандарға, жастарға ерекше орын беріледі. Оған қоса, сананы жаңғыртуды әр адам өзінен, отбасыдан бастап, елдің қоғамдық-саяси және рухани өмірінің барлық саласындағы өзгерістерге дайындығын өзінің еңбекке, оқуға, жұмысқа, азаматтық ұстанымына деген жауапкершілігі арқылы көрсетуі тиісті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 12 сәуір. 2017 ж

2. С.М. Сыздықов, «Рухани жаңғыру: «Мәңгілік Ел» құндылықтары және Алаш идеясы: тарихи тәжірибесі, сабақтастығы және болашағы». Оқу-әдістемелік құрал. – Нұр-Сұлтан, 2019.

3. «Мәңгілік Ел» идеясы: кеше, бүгін, ертең. Ұжымдық монография / Ғыл. ред. басқар. Ә. М. Рахымжанов, Б. М. Қайыпова, редакторлық алқа: Ғ. Т. Телебаев, Г. М. Атабаева. – Нұр-Сұлтан: Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кітапханасы, 2019. – 430 б.

4. Ж.Қ.Боқанова, Қазақстан республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың «болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын талқылауға арналған практикалық материалдар, Астана-2018